

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының докторанты

Маулет Ардабидін

6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынылған

**«Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық
тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде»**

атты докторлық диссертациясына

ПІКІР

«Ұлттық бірегейлік» мәселесі ХХ ғ. барысында тарихи және саяси үдерістер тарапынанеліміздің әлеуметтік-гуманитарлық сала ғалымдарының назарына ілігіп, әсіресе, Қазақстан өз егемендігін алып, әлемдік аренада айрықша орнын иемдендеген соң, мұндай зерттеулерді жүргізу қажеттілігі жұмыстың құндылығын арттырды.

Қазіргі уақытта қарқынды жүріп жатқан жаһандану үдерісінде әлемдегі әр этностың өз ұлттық «келбетін» сақтапқалуы, мемлекеттің дана ішкі және сыртқы саясаты, сонымен бірге мәдени құндылықтарды қорғауға бағытталған іс-шараларды өткізумен байланыстырылып отыр. Бұл жөнінде қазақтың рухани мұрасын сипаттау мен ғылыми пайымдау бағытында Отандық өнертану, оның ішінде музыкатану салалары бойынша жазылған еңбектер аз болған жоқ, және әр қайсысы қазақтану ғылымына елеулі үлес қосты. Осы орайда, ұсынылып отырған Ардаби Мәулеттің **«Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде»** атты диссертациялық еңбегі өзінің өзектілігіне қарай бұл бағыттағы озық және заманауи деңгейде жазылған еңбектер қатарында өз орнын табуы тиіс.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының ғылыми жаңалықтары қатарына Қытай қазақтарының күйшілік өнерінің қалыптасуы меноның бұған дейін Қазақстан аумағында бейтаныс өкілдері туралы ақпарат, күйлердің көркемдік ерекшеліктері мен орындаушылық әдіс-тәсілдерін сипаттау, сандық нотада жүйесін сипатап, күйлер нұсқаларының орындаушылық тәсілдерін ғылыми негізде талдау мен айналымға енгізуімен аса құнды.

Докторант Маулет Ардабидің ғылыми еңбегі өзі қатынасқан көпжылдық экспедициялық тәжірибесіне негізделгені жұмыстың практикалық құндылығын анықтайды. Сонымен қатар, бұрын-соңды Шыңжаң аймағында өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен оның ішінде күйшілік өнері туралы қытай тіліндегі деректерді қазақ тілді қауымға қол

жетімді етуі – Отандық өнертану ғылымына қосқан үлесі әрі диссертацияның теориялық маңызын айқындайды.

Қорытындылай келе, қорғауға ұсынылып отырған ғылыми зерттеу докторлық диссертациядың орындалу талаптарына толық сай келеді. Маулет Ардабидің зерттеуін «Өнертану» мамандығы бойынша маңызы елеулі және аяқталған ғылыми-квалификациялық жұмысы болғандықтан, PhD докторы атағына әбден лайық.

Өнертану кандидаты,
ҚазҰӨУ профессоры
nurtaza_rs@mail.ru



Р.С. Малдыбаева

қолын

РАСТАЙМЫН
"ҚазҰӨУ" РММ

Мамандармен жұмыс жүргізу бөлімінің жетекшісі

Р.С. Малдыбаева

